Бекітілді

Мектеп директоры

Р.Ғ.Абуов _____

«31 »» 08 » 2022 ж

Тексерілді

МДТІЖ орынбасары

Г.П.Шарипова _____

«31 » « 08» 2022 ж

«Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –нің бастауыш сынып мұғалімі Абсалямова Динара Муратовнаның 1 - сыныбына арналған тәрбие жұмысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

2022-2023 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 1 сыныбының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспары оқушылармен өткізілетін тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары, ата-аналармен жұмыс, балалармен құқықбұзушылықтың, үйірмелер мен секциялар жұмыстары, оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру, білім мекемелерінің тәрбие қызметін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік серіктестігі деп аталатын бөлімдерді қамтиды.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.**Олар:**

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;
2.Рухани – адамгершілік тәрбие;
3.Ұлттық тәрбие;
4.Отбасы тәрбиесі;
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7.Зияткерлік тәрбие ,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты;
жоспаржоғарыда аталған **тұжырымдаманы** басшылыққа ала отырып құрылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы,Қазақстан Республикасының азаматы ретінде білім алушыларды тәрбиелеудің тұтастығы жөніндегі мемлекет саясатының бағыты Қазақстан Республикасында этно - мәдени білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында оқушыларға құқықтық білім беру тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасында, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу бағдарламасында атап көрсетілген.

Тәрбие жұмысының жоспары мектептің тәрбие жұмысының мақсаты мен міндетін, тәрбиенің негізгі бағыттарын және оларды іске асыру шарттарын айқындайтын мектептің басты құжаттарының бірі болып табылады.

Мектепішілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:

Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Сынып жетекшілер бірлестігінің әдістемелік тақырыбы:

Сынып жетекшілер өз білімін көтеру арқылы,сыныптардағы тәрбие жұмыстарына жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізіп,оқушылардыадамгершілікке, ел жандылыққа, шығармашылыққа, мәдениеттілікке, салауатты өмір салтын ұстануға және өз ұлтын, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сынып жетекшінің зерттеу тақырыбы:

«Оқушыларды тәрбие бағыттарын қолдана отырып, адамгершілікке, мәдениеттілікке,білімге құштарлыққа,белсенділікке тәрбиелеу»

1 сыныптағы тәрбие жұмысының мақсаты:

Тәрбие жұмысында тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын,өзін-өзі басқара алатын,интеллектуалды дамыған адамгершілігі мол,мәдениетті,отан сүйгіш тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ***Сыныпта денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;***
- ***Оқушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;***
- ***Табиғатты қорғауға,қоршаған ортаны бағалауға тәрбиелеу;***
- ***Отбасын сынып жұмысының тәрбие жүйесіне араластыру.***
- ***Оқушы бойында рухани-адамгершілік тәрбие негізін қалыптастыру,эстетикалық тәрбие арқылы жан сұлулығы мен мейірімділік қасиеттерін жетілдіру***
- ***Сыныптағы, мектепішілік,қоғамдық жұмыстарға жұмыстарға белсене қатысуға дағдыландыру.***

Күтілетін нәтиже:

- ***Ой-өрісі кеңінен,жан-жақты тұлға қалыптасады.***
- ***Оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас орнайды.***
- ***Жеке бас гигиеналарын ұстануды үйренеді.***
- ***Ата-анамен жүйелі байланыс орнап,мектеп,ата-ана арасындағы байланыс нығаяды.***
  Өзін-өзі тануға ұмтылады,белсенділіктері артады

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы (әдістемелік нұсқау хат)
Бала құқығы жөніндегі конвенция
Азаматтардың еркіндігі және тәуелсіз елдердің біріккен Конвенциясы
АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу жайлы декларация

Тұжырымдамалар,бағдарламалар

ҚР-дағы білім беру мекемелерінің Тәрбие тұжырымдамасы «Мәңгілік ел» идеясы
СӨС қалыптастыру және дұрыс тамақтану жайлы ҚР-сы Үкіметінің қаулысы
Жалпы білім беретін мектеп білім беруді дамыту бағдарламасы

Қазақстан Республикасының заңдары

ҚР-ның Конститутциясы
ҚР-ның «Білім туралы»заңы
ҚР-ның «Отбасы»заңы
ҚР-ның «Дене шынықтыру және спорт»жайлы заңы
ҚР-ның «Мейрам күндер»жайлы бағдарламасы.
ҚР-ның «Неке және отбасы»туралы заңы
ҚР-ның «Бала құқығы туралы заңы
ҚР-ның «Тіл туралы заңы»
ҚР-ның «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы заңы
ҚР-ның «Азаматтардың денсаулығын қорғау»туралы заңы
ҚР-ның «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;

- ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
- басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
- өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
- заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

2.Рухани – адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;
- өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;
- түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

3.Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

- этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына;
- қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
- Қазақстанның бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту

4.Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

- өз отбасына; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы ата-анасына құрметпенқарау

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:.

- мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;
- экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;
- еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері:.

- көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениет аралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына;
- қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

7.Зияткерлік тәрбие ,ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.
Міндеттері:.

- өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;
- сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;
- зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;
- Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
Міндеттері:.

- әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
- денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

Сыныпқа мінездеме

Сынып – 1
Сынып оқушыларының ұстанымы – ***«Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін»***

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 1 сыныбында 16 оқушы бар, оның 6-уы ұл, 10-ы қыз бала. Сынып ұжымы мектепалды даярлық тобынан бастап қалыптасқан. Балабақшадан екі бала келіп қосылды. Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік шараларға қатысу белсенділіктері жас ерекшеліктеріне сай жақсы деп айтуға болады. Оқушылардың мұғалімге қарым-қатынастары жақсы, педагогикалық талаптарға бағынады. Сынып оқушыларының мектеп мотивациялары оң, сабаққа қызығушылықпен келеді, көңіл-күйлері көтеріңкі.Сыныптың әлеуметтік деңгейі: Ұжымда оқушылар жақсы қарым-қатынаста.Сыныптағы психологиялық ахуал қолайлы. Сынып оқушылары ұйымшыл. Сонымен қатар сыныпта шығармашылыққа бейім оқушылар бар. Сынып белсенділері өз жұмыстарын тиянақты атқарады.Оқушылардың еңбек қатынасына деген ынта – жігері жоғары. Сыныптағы оқушылардың бір біріне деген қарым – қатынасы өте жақсы, бір – бірімен өте тату, қиыншылық кезде бір біріне қол ұшын беруге әзір тұрады. Ұл балалар мен қыз балалардың өзара қарым – қатынастары да айтарлықтай жақсы.Сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Олар мұғалімдерге әртүрлі сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты толық меңгергілері келеді. Сабаққа оқушылар дайындықпен келіп, жаңа сабақты үлкен зейін қойып тыңдайды. Ата – аналарға келетін болсам, олар сынып өміріне белсенді қатысып отырады. Мектептен қатынастарын үзбейді, көмектерін аямайды.Еш себепсіз сабақ қалдырмайды. Түсінбеген сұрақтарын біліп алуға тырысады. Бірінің білмегенін бірі айтып үнемі көмектеседі.

Сынып жетекшісі: Абсалямова Д.М.

1-сынып бойынша жолда жүру ережесі дүниетану пәніне кіріктірілді

№ р/с	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1	Білім алушыларға көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2	Реттелмейтін жол қиылыстары	1
3	Реттеуші және оның белгілері	1
4	Трамвайда көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу	1
5	Мектепке жол (сенің күнделікті бағытың)	1
6	Қорытынды сабақ	1
	Барлығы	6

1-сынып бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» сынып сағатына кіріктірілді

Бөлім атаулары және тақырыптары	Сағат саны
1. «Қауіпсіздік және адамды қорғау»	**4**
1.1 Жолаушылар мен жаяу жүргіншілер. Жолда жүру ережелері	1
1.2 Мен велосипедшімін. Роликпен, скейтборпен сырғанау кезінде жарақаттанудың алдын-алу	1
1.3 Табиғаттағы қауіпті жағдайлар: жаңбыр, найзағай, қар жауы. Табиғат аясында демалу кезіндегі қауіпсіздік	1
1.4 Су қоймаларында қауіпсіз жүру ережелері.	1
2. «Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты»	**2**
2.1 Аурулар, олардың себептері, өмір салтымен байланысы	1
2.2 Таза ауа, оның адам денсаулығы үшін маңызы	1
БАРЛЫҒЫ	**6**

Абай атындағы №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы
1-сыныптың тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Айы	Кешендібағдарламаның бағыты	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Өткізу әдіс-тәсілі	Уақыты
Қыркүйек	***1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;***	*Білім сабағы* «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Оқушыларды Отан сүйгіштікке,еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеу	Тәрбие сағаты Білім күні	01.09
	4.Отбасы тәрбиесі;	«Отбасы күні» Отбасы бақыт мекені	Оқушыларға отбасы жайлы түсінік беру	Санап сағаты	07.09
	8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты;	«Денсаулық –зор байлық» Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.	Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.	Жаттығулар орындау,ойын	14.09
	3.Ұлттық тәрбие;	Тіл мерекесі.«Тіл – ұлттық белгі,халықтық мұра »	Әр баланың жеке қабілетін анықтау. Әдеби тіл нормаларын игерту. Өнер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.	Ойбөлісу әңгіме	21.09
	6.Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«М.Әеузовтың 125 жылдығы» « Ақынның өлеңдері»	Оқушылардың құрмет сезімдерін оятуға,Отанды сүюге,құрметтеп қастерлеуге,өз елін,тегін тарихын білуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	28.09

	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	Әр отбасы - бір әлем «Қариясы бар ел қасиетті!» қарттар күні	Бағдарламаның мақсат , міндеттерімен таныстыру, әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілігін білдіру,өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білу	Сынып сағаты	05.10
Қазан	***2.Рухани – адамгершілік тәрбие;***	«Ұстаздар мерекесі» «Қай жерлерден жолдан өтуге болады»	Ұстаздарды құрметтеуге баулу	Сынып сағаты	12.10
	4. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	Күз мерекесіне саяхат	Жыл мезгілі күз туралы түсінік беру оқушыларға	Саяхатқа шығу	19.10
	7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	Отан – оттанда ыстық	Оқушыларға отан туралы түсінік беру.	Сынып сағаты	26.10
	4. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Ахмет Байтұрсынов» 150 жылдығы	Өзін — өзі дәріптеу, өзіне сену, өз ойы сөзі мен іс — әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дамыту	Әңгіме	09.11
	3.Ұлттық тәрбие;	«Ұлттық теңге»	Қоғамдағы өзгерістерден дереу және тең әсер алуына белсенді өмір ұстанымында болуына ықпал ету.Теңге туралы түсінік.	Сынып сағаты	16.11
Желтоқсан Қаңтар	***1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;***	«Өз құқығыңды білгенің-дұрыс өмір сүргенің»	Өзін — өзі дәріптеу, өзіне сену, өз ойы сөзі мен іс — әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дамыту	Сынып сағаты	23.11

	1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	Туым - теңдігім, Елтаңбам - елдігім, Әнұраным - айбыным	Оқушылардың құрмет сезімдерін оятуға,Отанды сүюге,құрметтеп қастерлеуге,өз елін,тегін тарихын білуге тәрбиелеу.	Тәрбие сағаты	30.11
	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Қазыбек бидің 355 жылдығы» *«Жол жүру белгілері және таңбалары»*	Елжанды азамат болуға тәрбиелеу. Жол ережелері	Сынып сағаты	07.12
	1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	Болашақа бағдар: «Рухани жаңғыру» «Тәуелсіздікке - 31 жыл»	Оқушыларды қазақ еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, туған жерін, Отанын сүюге шақыру.	Сынып сағаты	14.12
	4.Отбасы тәрбиесі;	«Әке отбасы діңгегі»	Оқушыларға отбасы жайлы түсінік беру	Сынып сағаты	21.12
	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Жаңа жыл мерекесі»	Жаңа жылдық мерекелер	Кеш	28.12
	2.Рухани – адамгершілік тәрбие;	«Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен»	Оқушыларға жақсылық туралы түсінік беру	Әңгіме	11.01
Қаңтар	***8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты;***	«Дені саудың жаны сау»	Оқушылардың денсаулықтарын сақтау,салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Сынып сағаты	18.01
	6.Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Ұлттық аспаптар»	Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.	Сайыс	25.01

	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Роза Бағланованың 100 жылдығы» Ақынның өлеңдері	Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.	Сынып сағаты	15.02
	6.Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;	«Тілі басқа – жүрегі бір»	Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық дәстүрлерін, мәдениетін,салт-дәстүрін, өзіндік үлгі-өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Оқушыларды мемлекетіміздің достық пен бейбітшілік қарым-қатынасы мен тарихын білуге тәрбиелеу.	Сынып сағаты	22.02
	2.Рухани – адамгершілік тәрбие;	«Сыйласаң сыйлы боласың»	Оқушылардың қарым-қатынастарын қалыптастыру	Сынып сағаты	01.03
	8.Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты;	«Жат әдеттен сақтан» Спорттық ойындар	Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау	Спорттық жарыс	08.03

	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Ризашылық пен алғыс», «Ана, сенің жүрегіңдей жүрек жоқ»	Оқушыларды Отанды сүюге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау. Оқушыларды Ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу	Сынып сағаты	15.03
наурыз	***3.Ұлттық тәрбие;***	«Қадыр Мырза Әли балалар жазушысы» Ақынның өлеңдері	Оқушылардың сөздік қорын,тіл байлығын дамыту,рольді ойындарға бөліп, сахналық қойылымға үйрету	Сынып сағаты	05.04
	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	«Дәстүрді дәріптейік» «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!»	Оқушыларға салт дәстүр туралы түсінік беру. Ұлыстың ұлы күні туралы түсінік бер	Тәрбие сағаты	12.04
	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа өнеге «Сен – велосипедші»	Оқушыларға салт дәстүр туралы түсінік беру *Жол ережелері.*	Сынып сағаты	19.04
Сәуір	***7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;***	«Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы»	Оқушыларға ғарыш әлемі туралы түсінік беру	Сынып сабақ	26.04
	4.Отбасы тәрбиесі;	Болашақа бағдар: «Рухани жаңғыру» Біржан сал ескерткішіне саяхат	Мәдениет және оның қоғамдағы маңызы,оқушыларға материалдық және рухани мәдениет туралы түсініктерін қалыптастыру.	Тәрбие сағаты	03.05

	5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;	«Еңбекқорлық пен еріншектік» «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек»	Оқушыларға экономика туралы түсінік беру. Жол ережелері.	Сынып сағаты	10.05
Мамыр	**2.Рухани адамгершілік тәрбие;**	Болашақа бағдар: «Рухани жаңғыру» « Ер есімі- ел есінде» Ұлы жеңіс	Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан халқының майданда және тылда көрсеткен еңбегін паш ету; жас ұрпақты отансүйгіштікке , елжандылыққа тәрбиелеу; ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына бас иіп, ардагерлерге құрмет көрсету	Тәрбие сағаты	17.05
	1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие;	Ұлттық ойындар «Ұлттық ойын-халық мұрасы»	Оқушыларға қазақтың ұлттық ойындары туралы айту	Танымдық сағаты	24.05
	5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;	Мамандықтар сыр шертеді	Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, мамандықтар тобы, кластары, таңдау әдістері туралы білімдерін қалыптастыру	Кездесу кеші	
	7.Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі;	Біздің жетістіктеріміз! Оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі тапсырма	Жетістіктер туралы айту. Оқушылар ауыл өмірімен танысу. Жол ережелері.	Тапсырмалар беру	
		Қорытынды сабақ. Жолда жүру.	Жол ережелері.		